



**Түркістан облысының білім басқармасының
Қазығұрт ауданының білім бөлімінің
«Жаңатірлік» жалпы білім беретін
мектеп" коммуналдық мемлекеттік
мекемесінің мемлекеттік аттестаттау нәтижесі
бойынша өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Тұрбат ауылы, Ә. Мұратов көшесі №8
Email: janatirlik@mail.ru
Телефон: +77712422732

**Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің
«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
мемлекеттік аттестаттау нәтижесі бойынша өзін-өзі бағалау
қорытындысының нәтижелері туралы**

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» бұйрығымен (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 27 маусымдағы № 183 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментімен 2022 жылғы «09» қарашадағы бекітілген «2023 жылға арналған мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізбесін бекіту туралы» №818 бұйрығымен бекітілген тізбесі негізінде, 2024 жылдың қыркүйек айының 14-і мен желтоқсан айының 30-ы күндері аралығында Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалау жүргізді.

Мемлекеттік аттестаттауға қатысты өзін-өзі бағалауды мектептің 2024 жылғы «28» тамыздағы №2-134 бұйрығымен бекітілген өзін-өзі бағалау комиссиясымен келесі құрамда өткізді:

Аманқұлов Нұрлан Әбдешұлы – мектеп директоры, комиссия төрағасы;

Баимбетова Маржан Маратовна – оқу ісі жөніндегі директор орынбасары, төраға орынбасары;

Асанов Сагинтай Тойлыбаевич – оқу ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Сайткулов Халмурат Рахманбердиевич – тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Ашаматов Аширбек Аманович – шаруашылық ісі жөніндегі директор орынбасары, комиссия мүшесі;

Тулебаев Бекайдар Тойлыбаевич - педагог-психолог, комиссия мүшесі;

Қамбарова Динара – әлеуметтік педагог, комиссия мүшесі;

Касымбекова Нуржамал Бекибаевич – қазақ тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Курманалиева Багила – орыс тілі мен әдебиеті пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Шарахымбаева Жомарт – ағылшын тілі пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Вахапов Сабыржан – тарих - география пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Джаппарова Перизат Илнуровна - химия-биология пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Кариева Айсулу Нояновна – физика-математика пән бірлестік жетекшісі, комиссия мүшесі;

Дуйсенова Кулзида – бастауыш сыныптар бойынша пән бірлестік жетекшісі комиссия мүшесі.

Комиссия мен бағалау өлшем шарттарына сәйкес білім беру ұйымдарына бағалау жүргізу кезіндегі негізгі бағыттармен зерделеу объектілері бойынша өзін-өзі бағалау материалдарына талдау, оның ішінде ұсынылатын білім беру қызметтерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкестігіне талдау жүргізілді. Комиссия өзін-өзі бағалау материалын зерделеп, оларды білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерінде орналастырылған мәліметтермен және ұйымдармен уәкілетті мемлекеттік органдардың мәліметімен салыстыра отырып, Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде бағаланатын кезеңдегі білім беру қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін бағалау және егжей-тегжейлі талдау жүргізді, атап айтқанда, өткен екі оқу жылы (2021-2022, 2022-2023) және ағымдағы оқу жылының (2023 -2024) мемлекеттік аттестаттау басталғанға дейінгі бір ай бұрын (бұдан әрі –бағаланатын кезең).

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер
Мекеменің толық атауы: Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі– мектеп)
Білім беру ұйымының орналасқан жері: Индекс160314,Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылы, Ә. Мұратов көшесі №8
Заңды тұлғаның байланыс деректері: 8(электронды почтасы: +77712422732 bajymbetova89@gmail.com
Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Аманкұлов Нұрлан Әбдешұлы, Қазығұрт ауданының білім бөліміне қарасты «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне 2024 жылдың 09 сәуірінен бастап, мектеп директоры болып тағайындалды. Білімі жоғары, біліктілік санаты педагог-зерттеуші, II санатты басшы менеджер Педагогикалық еңбек өтілі 30 жыл , директор лауазымында еңбек өтілі 7 жыл.
Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаның мемлекеттік қайта тіркеуі: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Түркістан облысының Әділет департаменті 2023 жылы 05 желтоқсанда берілген. Алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 22.01.2009 жыл. БСН– 000840001755 Кәсіп орынның қатысушысы: «Түркістан облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі. Кәсіп орынның уәкілетті органы – Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімі болып табылады. Білім беру ұйымының жарғысы: Түркістан облысының әкімдігінің «28» тамыз 2023 жылғы №180 қаулысымен бекітілген.
Рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбиемен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаны жіберу туралы талон). Білім беруге құқық беретін мемлекеттік лицензиясы: Түркістан облысының Білім саласында сапаны қамтамасыз етуде партаментінің 19.10.2023 жылғы №1700 бұйрығы №KZ96LAA00035333 лицензиясы Түркістан облысының білім басқармасының Қазығұрт ауданының білім бөлімінің «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне берілген.Мемлекеттік лицензияға қосымша 001–бастауыш білім беру, 002-негізгі орта білім беру, 003-жалпы орта білім беру қызмет түрінің кіші түрі (түрлері) берілген. Алғашқы берілген күні: 05.10.2009жыл.

**«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің тарихы**

Түркістан облысы

Қазығұрт ауданы

«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

1935 жылы Жоғары Тұрбат ауылында «Жаңатірлік» бастауыш мектебі (мұғалім Ергешов) , «Ақпарақ» ауылдық кеңесінде «Өндіріс» бастауыш мектебі ашылды. 1951 жылы «Өндіріс» бастауыш мектебінің меңгерушісі Сәлімбеков Жолдас болатын.

1957 жылы Тұрбат ауылдық кеңесінің «Жаңатірлік» бастауыш мектебінде екі мұғалім, «Өндіріс» бастауыш мектебінде 3 мұғалім қызмет істеді. (Жүнісов П., Нармұханбетова Т.) . 1961 жылы Тұрбат ауылдық кеңесінің «Өндіріс» елді мекенінде «Өндіріс» және «Жаңатірлік» бастауыш мектебі ұйымдастырылады. Меңгерушісі болып Рахымжанов Құдайберді тағайындалады.

Әлішер Науайы колхозының партия ұйымының хатшысы Жолдыбаев Лес пен ауылдың құрметті азаматы Зайыров Әбдіжаппардың халықты ұйымдастыруымен 1970 жылы асар жолымен мектеп үйі салынып, «Жаңатірлік» орталау мектебі ашылады. Мектептің директоры қызметін атқарғандар: 1970-1979 ж.ж. Сарыбеков Жолдасбек, 1979-1992ж.ж. Тұрсынқұлов Алтынбек, 1992-1995 ж.ж. Төрекұлов Кеңес, 1995-2003ж.ж. Тасболатов Мамбетәлі, 2003-2010 ж.ж. Ботаев Әділбек , 2010-2012 ж.ж. Құланов Әкімжан, 2012-2018 ж.ж. Расулов Әбдімүтәлі , 2018-2023ж Сманов Арыстан. 2024 жылдан бастап Аманқұлов Нұрлан .

2001 жылы мектептің ілгеріде басталып, тоқтап қалған құрылысы қолға алынып, жұртшылықтың көмегімен аяқталды. Аудан әкімі Бектаев Әлидің бастамасы және көмегі нәтижеге жеткізді. 2002 жылы «Жаңатірлік орта мектебі статусын алды. Қазір мектепте 29 сынып комплектісі, 602 оқушы бар. Оқушыларға білім, тәрбие беру ісімен 75 мұғалім айналысады.

Қазіргі таңда мектептің әдістемелік құрамына 8 пән бірлестігі жұмыс атқарады.

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру және шығармашылықпен жұмыс істеу бағытында төмендегідей бірлестіктер жұмыс істеп келеді.

1. Қазақ тілі
2. Орыс тілі,
3. Ағылшын тілі.
4. Бастауыш сынып (қазақ)
5. Химия, биология
6. Математика, физика, информатика
7. Тарих, құқық, география.
8. Эстетикалық пәндер бірлестігі

Мектептің педагогикалық құрамына мінездеме.

Білім беру процесін кадрлық қамтамасыз ету. Мектепте 74 мұғалім жұмыс істейді.

Мектеп ұстаздарының жақын жылдардағы олимпиада, байқаулардағы жеткен жетістіктері:

Аудандық «Ең үздік сынып жетекші-2019» байқауында Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Баимбетова Маржан II орын, 2019 жылы мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасының аудандық кезеңінде бас жүлде-Баимбетова Маржан. 2019 жылы мұғалімдер арасындағы пән олимпиадасының облыстық кезеңінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Баимбетова Маржан БАС жүлде иеленді. 2023 жылы облыстық пән олимпиадасының аудандық кезеңінде өзбек тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сайпова Адолат II орын иеленді.

Мектеп оқушыларының олимпиада, байқаулардағы жетістіктері.

1. Аудандық «Мұқағали оқулары» байқауында «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен Қуаныш Аян марапатталды. Тіркеу №3880. Қазығұрт, 2022 жыл.

2. Балалар жылына орай өткізілген «Туған жер-алтын бесігім» атты аудандық жас жазба ақындардың жыр мұшайрасына белсене қатысқаны үшін Жақсыбек Аяулым марапатталды.

Қазығұрт, 2022 жыл.

3. Түркістан облыстық Ы. Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының бастамасымен өткізілген «Әлемді кітап арқылы танимын» атты байқауына белсене қатысып, облыстық байқауға ЖОЛДАМА Жақсыбек аяулымға берілді. 2022 жыл.
4. 2015 жылғы оқушылардың облыстық пән олимпиадасында жүлделі ІІ орынды Мансуров Файзулла иеленді. Медальмен марапатталды.
Басқарма басшысы: А. Елшиева, Тіркеу №1. Шымкент, 2015 жыл.
5. Республикалық «Ақберен» өнер байқауының аудандық кезеңінде «Ақындар айтысы» бағыты бойынша І-дәрежелі дипломмен Қуаныш Аян марапатталды. Тіркеу №4825 Қазығұрт 2022жыл.
6. Республикалық «Ақберен» өнер байқауының облыстық кезеңінде «Ақындар айтысы» бағыты бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен Қуаныш Аян марапатталды. Тіркеу №5551.Түркістан. 2022 жыл
7. «Жыр алыбы-Жамбыл» атты республикалық жас ақындар айтысының облыстық кезеңінде «Тақырыптық айтыс» номинациясы бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен Қуаныш Аян марапатталды. Тіркеу № 3043. Түркістан, 2022 жыл.
8. «І. Жансүгіров оқулары» байқауында «Ілияс-эпик ақын» бағыты бойынша ІІІ дәрежелі дипломмен Жақсыбек Аяулым марапатталды. Тіркеу №4181. Қазығұрт, 2022 жыл.
9. «І. Жансүгіров оқулары» байқауында «Ағынды менің-Ақсуым» бағыты бойынша І дәрежелі дипломмен Қуаныш Аян марапатталды. Тіркеу №4190. Қазығұрт, 2022 жыл.
10. Қазығұрт ауданының әкімі Арман Абдуллаевтың алғыс хатымен Қуаныш Аян марапатталды. 2022 жыл.
11. «Жас ақын-2022» номинациясы бойынша жастар премиясының аудандық кубогінің жүлдегері Қуаныш Аян Қазығұрт ауданы әкімі Арман Абдуллаевтың марапатына ие болды. Қазығұрт, 2022 жыл.
12. ІV республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауының облыстық кезеңіне белсене қатысқаны үшін Жақсыбек Аяулым марапатталды. Тіркеу №12. Түркістан, 2022 жыл.
13. «Мен жастарға сенемін» атты VІ республикалық оқушылар айтысының облыстық кезеңінде үздік өнер көрсетіп, жауқар жырлары мен сүбелі сөздерімен танылған Қуаныш Аян ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталды. Тіркеу №18. Түркістан, 2022 жыл.
14. Республикалық «Мұқағали оқулары» байқауының аудандық кезеңінде «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды...» айдарынында Қуаныш Аян Бас жүлдемен марапатталды. Тіркеу №5246. Қазығұрт 2023ж
15. Республикалық «Мұқағали Мақатаев оқулары» байқауының облыстық кезеңінде «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды» номинациясы бойынша Қуаныш Аян Бас жүлдемен марапатталды. Тіркеу № 7167. Түркістан 2023
16. Жалпы білім беретін мектеп оқушылары арасында өткізілген республикалық Мұқағали Мақатаев оқуларының «Көкірегімде жыр сәулесі маздайды..» бағыты бойынша ІІІ орын иеленгені үшін Қуаныш Аян марапатталады. Тіркеу № 006245. 30 маусым 2023жыл. Алматы облысы, Қарасаз ауылы.
17. Тілеуке Құлекеұлының 275 жылдығына орай ұйымдастырылған «Білімнің болса дағы ұшан-теңіз, пайдасы жоқ халқына қызмет етпей...» облыстық оқушылар айтысында сөз барымтасы-суырып салма ақындық өнерін танытып, ерекше сөз саптауы, ұтымды ұйқасымен дараланған

Жақсыбек Аяулым II орынмен марапаталады. Шымкент 2023 жыл.

18. Тілеуке Құлекеұлының 275 жылдығына орай ұйымдастырылған «Білімнің болса дағы ұшан-теңіз, пайдасы жоқ халқына қызмет етпей...» облыстық оқушылар айтысында сөз барымтасы-суырып салма ақындық өнерін танытып, ерекше сөз саптауы, ұтымды ұйқасымен дараланған Қуаныш Аян Бас жүлделі дипломмен марапаталады. Шымкент 2023 жыл.

19. 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық «Жыр алыбы-Жамбыл» жас ақындар айтысының аудандық кезеңінде «Тақырыптық айтыс» бағыты бойынша Қуаныш Аян Бас жүлдені иеленді. Тіркеу № 5404 Қазығұрт 2023ж

20. 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық «Жыр алыбы-Жамбыл» жас ақындар айтысының аудандық кезеңінде «Қайым айтыс» бағыты бойынша Жақсыбек Аяулым Бас жүлдені иеленді. Тіркеу № 5403 Қазығұрт 2023ж

21. 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық «Жыр алыбы-Жамбыл» жас ақындар айтысының облыстық кезеңінде «Тақырыптық айтыс» бағыты бойынша Қуаныш Аян II орынды иеленді. Тіркеу № 7109. Түркістан 2023ж

22. 8-11 сынып оқушылары арасында Республикалық «Жыр алыбы-Жамбыл» жас ақындар айтысының облыстық кезеңінде «Қайым айтыс» бағыты бойынша Жақсыбек Аяулым III орын иеленді. Тіркеу № 7114. Түркістан 2023ж.

23. 7-11 сынып оқушылары арасында Республикалық «Мұқағали оқулары» байқауының аудандық кезеңінде «Жыр эстафетасы» айдары бойынша Жақсыбек Аяулым I –дәрежелі дипломмен марапатталды. Тіркеу №5238. Қазығұрт 2023ж.

24. 8-11 сынып оқушылары арасында өтетін Республикалық «Ілияс оқулары» байқауының аудандық кезеңінде бас жүлде, облыстық кезеңінде бас жүлде, республикалық кезеңінде бас жүлде алды

Мектептің миссиясы: Білімді, тәрбиелі «толық адам» қалыптастыру

Мақсаты: Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға бағдарланған, функционалдық сауаттылық дағдылары бар және оны қоршаған болмыста бәсекеге қабілетті бола алатын тұлғаны оқыту және тәрбиелеу.

Міндеттері:

- бастауыш, негізгі және жоғары мектептер үшін білім беру бағдарламасы мен оқу - әдістемелік құралдарын құру;
- Салауатты өмір салтын ұстанатын, өмір бойы білім алуға қабілетті, қазақстандық университеттерге түсе алатын, функционалды сауатты, отансүйгіш, жауапкершілігі мол, көп тілді, шығармашылық және сын тұрғысынан ойлайтын оқушыларды қалыптастыруға қолайлы оқу ортасын құру;
- Оқушылардың білімі мен пәндік біліктіліктерін қалыптастыруға ықпал ету;
- Оқушылардың рухани қасиеттерін этнотолеранттылығын, азаматтығы мен ұлт жандылығын тәрбиелеу әрі дамыту;

Білім беру қызметін өзін-өзі бағалау нәтижелері туралы мәліметтер

Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

1.Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына өлшемшарттар: оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы мен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға

міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының (бұдан әрі ҰОЖ) талаптарына сәйкестігі:

Жұмыс оқу жоспарларымен ұйымдасқан қызмет мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына және мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

(Мектептің әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, ұйымдастырылған оқу қызметін бөлуді көшірмелері ұсынылады) оған дәлел:

2021-2022 оқу жылына арналған мектеп алды даярлық сыныбының жұмыстық оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген 1-қосымша Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (өзгерістермен толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстардың және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығы (өзгерістер мен толықтырулармен 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрық) ҚРБҒМ 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары 1-қосымша: ҚРБҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2022-2023 оқу жылына арналған мектеп алды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы 3-қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

2023-2024 оқу жылына арналған мектеп алды даярлық сыныбының жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер толықтырулар енгізу туралы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығы 3-қосымша;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы №348 бұйрығымен Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары;

Қазақстан Республикасы Денсаулық министрінің 2021 жылы 5 тамыздағы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық талаптар» қағидаларын бекіту туралы ҚРДСМ-76 бұйрығын басшылыққа ала отырып оқу жоспары жасалынды.

1 жастан бастап 1-сыныпқа қабылданғанға дейін балаларды оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

2021-2022 оқу жылы

№	Білім беру салалары/ Ұйымдастырылған оқу қызметі	Мектеп алды даярлық тобы (сыныбы) (5-жастан бастап)		
		0 «А»	0 «Б»	0 «В»
1	"Денсаулық"	3	3	3

	Дене шынықтыру	2,5	2,5	2,5
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	0,5	0,5	0,5
2	"Қатынас"	5	5	5
	Сөйлеуді дамыту	1	1	1
	Көркем әдебиет	1	1	1
	Сауат ашу негіздері	2	2	2
	Орыс тілі	1	1	1
3	"Таным"	2,5	2,5	2,5
	Математика негіздері	1	1	1
	Сенсорика	-	-	-
	Құрастыру	0,5	0,5	0,5
	Жаратылыстану	1	1	1
4	"Шығармашылық"	5	5	5
	Сурет салу	1	1	1
	Мүсіндеу	1	1	1
	Жапсыру	1	1	1
	Музыка	2	2	2
5	"Әлеумет"	1,5	1,5	1,5
	Өзін-өзі тану	1	1	1
	Қоршаған ортамен танысу	0,5	0,5	0,5
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	25-30 минут	25-30 минут	25-30 минут
7	Апталық оқу жүктемесінің көлемі	17	17	17
8	Вариативтік компонент*	3	3	3
9	Барлығы	20	20	20

Мектепалды сыныпқа арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жұмыстық оқу жоспары (5 жастағы балалар) 2022-2023 оқу жылы

Рет №	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме		
			0 «А»	0 «Б»	0 «В»
1	Дене шынықтыру		3 сағат	3 сағат	3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын			
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын			
	Қазақ тілі		2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын			
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат	3 сағат	3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын			
4	Математика негіздері		3 сағат	3 сағат	3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын			
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын			
6	Сурет салу		1 сағат	1 сағат	1 сағат
	Мүсіндеу				
	Жапсыру				
	Құрастыру				
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын			
	Музыка		2 сағат	2 сағат	2 сағат
	Музыка****	күн сайын			
8	Барлығы		20 сағат	20 сағат	20 сағат

2) Білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі - МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асыру:

МДС-та "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы" ҚРБҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы №499, бұйрығына сәйкес әзірленген оқу бағдарламалары іске асырылады. Оқытудың күтілетін нәтижелері түрінде ұсынылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу МДС-та «Денсаулық», «Қатынас», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары бойынша күтілетін нәтижелерге сәйкес олардың физикалық, зияткерлік және жеке қасиеттеріне бағытталған.

МДС-та арнайы түзету ұйымдастырылған оқу қызметіне мұқтаж балалар жоқ. (Бағаланатын кезең үшін ұйымдастырылған оқу қызметінің бөлінгенін растайтын

құжаттардың көшірмелері, оқу жұмыс жоспарларымен сабақ кестелері қоса беріледі);

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) сақтау:

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының» 1-қосымшасына сәйкес жүргізілді.

Мектепте мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларының міндеттерін орындау барысында үлгілік оқу бағдарламаларының негізінде жүзеге асырылып отырды.

Үлгілік қағидалардың 4-тармағына сәйкес балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, мектепалды даярлық сыныптарына 102 тәрбиеленуші қабылданып (ата-ана өтінішімен) тізімі 31.08.2023ж. мектеп директорымен бекітілді. Барлығы 5 жасқа толған. Тәрбиеленушілердің тізімі ҰББДҚ-на енгізілген, барлығы сәйкес келеді. Жас кезеңдері ескерілген мектепалды даярлық сыныптарының тізімдерінің көшірмелері ұсынылды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385бұйрығына сәйкес мектепалды даярлық сыныбы(5 жастағы балалар) тәрбиеленушінің толық жасын ескере отырып,ағымдағы жылы 1 тамыз - 05 қыркүйек аралығында 4 топқа топтастырылды.

МДС - та 2021-2022 жылында 52 бала, 2022-2023 оқу жылында 50 бала, 2023-2024 оқу жылында 42 бала оқиды. Өлшем шарттың 9-қосымшасына сәйкес 2022-2023 жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалынып, көшірмесі қоса берілді. Талдау нәтижесі: Мектепалды даярлық топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде) - 100%.

Мектепалды даярлық сыныбы бойынша 2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы 2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар анықталмады.

МАД аптасына 5 күндік (толық күн болу) жұмыс жасайды, жұмыс уақыты сағат 08:00-дан 10:30:00-ге дейін, 14:00-ден 17:00-ге дейін.

«Мектепке дейінгі,орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылуда. Мектепалды даярлық сыныптардың оқу қызметіне арналған 2 сынып кабинеті бар. Онда баланың жасерекшелігіне сай сабақ құралдарымен ойынға қажетті ойыншықтармен жабдықталған.

Мектепалды тобы екі сынып бөлмесінен тұрады. Сынып бөлмелерінде оқу тәрбиелік мақсаттарға сай құрал - жабдықтар бар. Күнделікті оқу-тәрбие жұмыстарына арналған құрал – жабдықтармен, оқушы столы, мұғалім столы, орындықтар, шкафтар, магнитті тақтамен жабдықталған.Терезелері металлопластиктен жасалып, перделер ілінген. Жарықтандыру табиғи шам арқылы, желдетілуі қабырға көздері және терезе арқылы. Есіктері ағаштан жасалған. Сынып бөлмелері қабырғаларына оқу-тәрбиеге қажетті көрсеткіш құралдармен буклеттер, плакаттар безендірілген. Қол жуу құралдарымен қамтылған. Тәрбиеленуші бала ойын элементтерінен құралған тапсырмалар арқылы дамып өсетінін айтар болсақ «киіз үй және оның жабдықтары» ойын жиынтығы, машиналар, ұсақ моториканы дамытуға арналған дидактикалық ойыншықтар, 20-25 бөлшекті пазлдар, мозайка, 100 бөлшекті пазлдар, дамытушы үстел ойындары бар. Бейнелеу өнеріне баулуға арналған қарапайым, түрлі - түсті қарындаштар. Ағаш немесе пластмасса бөлшектері бар конструктор. Әр түрлі пішінді заттар бейнеленген заттық суреттер, карточкалар жиынтықтары, сондай-ақ, кітапшалар, ертегілер, оның ішінде сөйлейтін кітапшалар мен ертегілер, дидактикалық ойындармен де қызыға ойнап, уақыттарын тиімді өткізеді.

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды

мектепалды даярлық (МАД) сыныптарда тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық-педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді, осы талаптар жүйелі түрде орындалып келеді. МАД сыныптарда бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған. Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық-техникалық, санитарлық-гигиеналық, психологиялық-педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік-дамытушы ортада баланың құрдас тәріпмен, заттық объектілермен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған.

Балалардың толыққанды физикалық даму үшін мектептің спорт залы, спорттық снарядтар (футбол, үрмелі доптар, секіртпелер, шеңбер және т.б.) балалардың және интеллектуалды дамуы үшін сюжеттік суреттері бар текшелер, математика текшелері, түрлі пазлдар, лото, кірпіштер, әр түрлі үстел ойындарының жиынтығы жеткілікті.

Ұлттық білім беру деректер қорында (бұдан әрі - ҰББДҚ) мектепалды даярлық сыныбына арналған оқу кабинетінің бар екендігі көрсетілген. Мектепте МАД сыныптарда баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған. Балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау жұмыстары жүйелі жүргізіледі, мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына қажетті жағдайлардың барлығы жасалған.

Мектептегі МАД сыныптардың оқу-тәрбие жұмыстарын атқаруға қажетті оқу-әдістемелік, материалдық базасы жеткілікті жабдықталған. Білім беру мен тәрбиенің мақсаты өз деңгейінде жүргізіледі. Жалпы білім беру ұйымы бойынша мектеп жасына дейінгі баланың тұлғалық, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдайлар жасау туралы фотосуреттер қоса берілді.

Талдау нәтижесі: мектепалды даярлық сыныбына қажетті жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуы - 90%.

Аппараттық ресурстар және кітапхана қоры.

Мектепке дейінгі ұйымдар үшін оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығына сәйкес қамтамасыз етілген. Ол туралы әдістемелік ұсынымдарға 5-қосымшаға сәйкес мектеп директорының қолы мен мөрімен расталған кесте сайтқа орналастырылды. 2023-2024 оқу жылында білім беру үдерісінде тіл дамыту, жазу, санау, сурет салу, құрастыру, мүсіндеу және басқаларды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік кешендер қолданылатынын ескере отырып, даярлық топ оқушыларының санына қарай «Әліппе-дәптерлер» ата-аналардың демеушілігімен сатып алынды.

Талдау нәтижесі: мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелікке шендермен қамтамасыз ету - 100%.

Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін тәрбиеленушілер жоқ.

Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін 1 қыркүйек пен 25 мамыр аралығында жүзеге асыру жұмыстары ұйымдастырылады.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы 2-тарау «Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің тәртібі» бойынша 20 – тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және бағдарламасы толық көлемде іске асырылуда.

Осы бұйрықтың 22-тармағына сәйкес 2021-2022 оқу жылдары 6 педагог, 2022-2023 оқу жылдары 4 педагог, 2023-2024 оқу жылдарында жоғары білімді 3 педагог білім беру және тәрбие қызметін жүзеге асырады.

Педагог кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер
«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» КММ даярлық топ жетекшілері туралы мәлімет 2023-2024 оқу жылы

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)	Байболова Ақмарал	Юлдаш Дилноза	Алимова Мухтарам
Туған жылы, айы, күні	13.11.1972ж	12.11.1995ж	03.02.1984
Негізгі жұмыс орны (білім беру мекемесінің атауы, лауазымы, өтілі)	«Жаңатірлік жалпы білім беретін мектеп КММ	«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп КММ	«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп КММ
Жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) және/немесе техникалық және кәсіптік және / немесе орта білімнен кейінгі білім туралы, педагогикалық, қайта даярлау	М.Әуезов атындағы ОҚМУ Диплом №0742656	Қазақстан инженерлік педагогикалық халықтар Достығы университеті ЖБ-Б № 1010287	Шымкент Университеті. ЖБ-Б №0400766 Бастауыш оқыту әдістемесі.
Тану туралы куәліктік бойынша мәліметтер (куәлік, №мерзімі)	-	-	-
Санат берілген күні, санат беру туралы бұйрық нөмері	Педагог-Зерттеуші 2024	Педагог –модератор 2024	Педагог-модератор 2023
Штат бірлігі	1 жүктеме	1 жүктеме	1 жүктеме
Біліктілік санаты, берілген күні, санат беру туралы бұйрықтың нөмері	18.10.2024 17.10.2029	28.08.2024- 27.08.2029	-
Бейін бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткен мерзімі	Педагогикалық шеберлікті арттыру орталағы Балаларды мектепалды даярлығы бойынша мектепке дейінгі ұйым педагогтердің біліктіліктерін арттыру білім беру бағдарламасы. 10.03.2020 №002008	-	Қазақстан Республикасы «AGZHAR» ғылыми білім беру орталығы «Мектеп жасына дейінгі балалардың дағдыларының дамуына мониторинг жүргізудің негізгі тәсілдері» 14.03.2019 №002248
Біліктілікті арттыру курстарынан өту орны (ұйым)	Шымкент Педагогикалық шеберлікті арттыру орталағы	-	Астана «AGZHAR» ғылыми білім беру орталығы
Медициналық тексеруден өткені туралы мәліметтер (медициналық кітапшаның болуы)* (рұқсат беру мерзімі)	18.08.2024 18.08.2025	14.08.2024 10.08.2025	14.08.2024 03.07.2025

Мектеп алды даярлық сыныптың тәрбиешілері баланың жеке даму картасының «Түзету іс- шаралары» бөлімін диагностиканың қорытындысы бойынша балалармен жұмыс жүргізілген карталарын толтырған. Сондай-ақ баланың жеке даму картасының «Бастапқы» бөлімінде диагностиканың әр кезеңінен кейін баламен жеке түзету жұмысын мазмұнын айқындау жұмыстарын, даму мониторингінің кестесін талапқа сай іс жүзінде жүргізіліп отырады.

МАД топтарының 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары бойынша тәрбиеленушілердің мониторинг нәтижелерінің бақылау парақтары сайтқа салынды, баламен жұмыс жүргізген жеке даму картасы жасалды. Мониторингтің нәтижелерін бақылау парақтарымен қоса баланың жеке даму картасына енгізу толық іске асырылды.

«Денсаулық» білім саласы бойынша:

Мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімі орта деңгейде қалыптасқан. Қимылы дамыған, барлық ойындармен тапсырмаларды орындай алу дағдысы қалыптасқан. Ұйымдастырылған оқу қызметі, түрлі тәрбиелік іс-шаралар, ата-аналармен жұмыс арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың үйде, көшеде және қоғамдық орындарда қауіпсіз жүріс - тұрыс ережелері туралы білімдері қалыптасқан. «Қатынас» білім саласы бойынша:

Сөйлеуді дамыту оқу қызметі бойынша (сюжеттік және тақырыптық суреттер) бойынша дидактикалық материалды жаңарту, қоршаған ортаға қатысты түрлі сұрақтарға жауап беруі қалыптасқан, жеке баламен жұмыстар жасалған. Ата-аналар үшін сипаттамалық әңгімелер құрастыруда үйлесімді сөйлеуді дамыту туралы жадынамалар жасап, жұмыстар жүргізген.

«Таным» білім саласы бойынша:

Тәрбиешінің көмегімен түстерді ажыратады, санай алады, геометриялық пішіндерді ажырата алуға дағдыланады. Біртекті заттарды құрастырады және бөліп алады, бірдей заттарды ұзындығымен енені, биіктігі бойынша беттестіру және тұтастыру арқылы салыстырады. Құрылыс бөліктерін ажыратады және атайды.

«Шығармашылық» білім саласы бойынша:

Заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екенін түсінеді. Түстерді өз қалауы бойынша таңдай алады. Сурет салуда әр түрлі техниканы пайдалана алады. Қазақтың ою-өрнектерін таниды. Ою-өрнектермен ұлттық киімді сала алады. Ұжымдық жұмыстарды орындайды. Ойынан сурет сала алады. Мүсіндеудің әр түрлі әдістерін қолдана алады. Ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу қабілеттері қалыптасқан. Қазақ халқының тұрмыстық заттарын таниды, ою-өрнекпен әшекейлей алады. Бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады. Құрастыру барысында жеке және топпен жұмыс жасай алады.

«Әлеумет» білім саласы бойынша:

«Әлеумет» білім саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде балаларды туған өлкесімен, оның тарихымен, табиғатымен, көрікті жерлерімен таныстыруға әдіс тәсілдерді қолданып нәтижеге жеткен.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің болуы және нәтижелерін талдау:

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, даму деңгейлерін бақылау бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес әр топтың тәрбиеленушісіне жеке даму картасы жасалды. Баланың жеке даму картасы баланың мектепалды даярлық сыныбында болатын барлық уақытында жүргізіліп отырды. Оқытудың нәтижелері көрсеткіштер ретінде баланың даму мониторингін қамтамасыз ете отырып, оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылып отырды.

Тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің (бастапқы) бес дағдылары бойынша нәтижелері талданды.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың даму деңгейін қадағалау жөніндегі әдістемелік ұсынымдар» бастапқы бақылауға арналған индикаторлар бақылау парағында көрсетілді. Сонымен қатар, аралық, қорытынды бақылаулардан күтілетін нәтижелерден баланың білік, дағдыларының даму деңгейі бойынша диагностика нәтижелері бақылау парағына енгізілді. Тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес әрбір жас кезіндегі құзыреттіліктерді меңгеру деңгейіне сай жүргізіледі.

Жалпы орта білім берудің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының білім беру қызметін зерделеу қорытындылары

Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы

3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің м.а. 2023 жылғы 18 тамыздағы № 264 бұйрығымен өзгертілген)(бұдан әрі – **ҮОЖ) сәйкестігі; (өткен 2 оқу жылына қоса алғанда)**

Мектеп бағаланатын кезеңге (2 оқу жылы) және 2024 жылдың наурыз айына дейінгі өзін-өзі бағалау жұмыстарының қорытындысы. «Туісті үлгідегі білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 9 маусымдағы №282 бұйрығымен өзгертілген), Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына жыл сайынғы енгізілген өзгертулерге сәйкес жасалған мектептің жылдық оқу жоспарларына қысқаша талдау.

2021-2022 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. *(Бастауыш сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгертілген) 1,2-қосымшасы; Негізгі орта сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 20 тамыздағы №415 бұйрығымен өзгертілген) 6,7-қосымшасы, 32,33-қосымшасы; Жалпы орта сыныптар: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығына 23,24,27,29,32,33-қосымшалар)*

2021 жылдың 11 қазан №4 кезектентис педагогикалық кеңес шешімімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген. (Бастауыш сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгертілген) 1,2,4,5,14 - қосымшасы; Негізгі орта сыныптар:

«Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгертілген) 6,7-қосымшасы; Жалпы орта сыныптар: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 26 қаңтардағы №25 бұйрығымен өзгертілген) 27,29,87,88-қосымшасы; «Қазақстан

Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 26 наурыздағыдағы №125 бұйрығымен өзгертілген) 23,24-қосымшасы).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып,

«kundelik.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды.

2022-2023 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 1,2,4,5,11-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 13,14,16-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №412 бұйрығымен өзгертілген) 24,26,40,41,-қосымшасы).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып,

«kundelik.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды. II тоқсаннан бастап, облыстық басқарма хаты негізінде электрондық журналымыз «kundelik.kz» порталынан «onlinemektep.org» платформасына ауыстырылды.

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрастырылды. (*Бастауыш сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 22 тамыздағы №264 бұйрығымен өзгертілген) 1,2-қосымшасы; *Негізгі орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрығымен өзгертілген) 13,14,16-қосымшасы; *Жалпы орта сыныптар*: «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығының (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №412 бұйрығымен өзгертілген) 40,41,-қосымшасы; Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 27,29-қосымшалар).

Жұмыс оқу жоспарына енгізілген өзгерістерге сәйкес сабақ кестелері құрылып,

«BilimClass.kz» электрондық журналға өзгерістер енгізіліп отырылды.

Сабақ кестесі санитарлық ережелерге сәйкес және жұмыс оқу жоспарына сай құрастырылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі, сабақ режимі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, санитариялық қағидалардың, үлгілік оқу жоспарларымен білім беру саласындағы денсаулық сақтау және білім беру органдарының ұсынымдары негізінде дайындалды, сабақ кестесін мектеп директоры бекіткен және мектептің ата-аналар комитетінің төрағасымен келісілді. Сабақ кестесінде оқу сабақтарының күнделікті саны және ұзақтығы көрсетілген.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің,

бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығы бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын инвариантты компонент пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

Бағаланатын кезеңдердегі оқу жылдарына сәйкес мектептің оқу процесінде қолданылған бағдарламалардың «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының (жылдарына сәйкес енгізілген өзгерістерін көрсете отырып) тиісті қосымшаларын көрсетіп қысқаша талдау:

2021-2022 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын» бекіту туралы ҚР БЖҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына: толықтырулар енгізген 08.04.2016 жылғы № 266, 10.05.2018 жылғы №199, 17.10.2018 жылғы №576, 27.11.2020 жылғы №496, 26.03.2021 жылғы №123 бұйрықтарын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2022-2023 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 қарашадағы №467 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2023-2024 оқу жылында барлық сыныптарда оқу жоспарының инвариантты компоненттің жалпы білім беретін пәндерінің базалық мазмұнын игеру «"Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрығын басшылыққа алып жүзеге асырылды.

2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылында «Bilimland» платформаларына мектептің жұмыс оқу жоспары, үлгілік оқу жоспарына сәйкес күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар электронды түрде оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын пәндер бойынша толтырылды. Мектептің басшылық пен бақылау жоспарына сәйкес тоқсан сайын электронды журналдың жүргізілу барысы тексеріліп, кемшілік жіберілген мұғалімдерге ескертіліп отырды.

Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмысын іскер етсеру (бағаланатын кезеңге тәрбие жұмысы жоспарының көшірмесі қоса беріледі)

«Жаңатірлік жалпы білім беретін мектеп» комунналдық мемлекеттік мекемесінің тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығына 2-қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №726 қаулысымен бекітілген "Білімді ұлт" сапалы білім беру" ұлттық жобасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады.

Тәрбие жұмысының тақырыбы: Ұлттық рухы биік, адамгершілігі жоғары, салауатты өмір салтын ұстанатын, елінің өткенін құрмет тұтып, ертеңіне өз үлесін қосуды парызым деп білетін жан-жақты білімді, қабілетті, жаңашыл тұлға қалыптастыру. Мақсаты: «Рухани жаңғыру» бағдарламасын шеңберінде Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында балалар мен жастарды тәрбиелеу. ХХІ ғасырдың лайықты өмірін қалыптастыруға қабілетті жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу.

Тәрбие жұмысының міндеттері: «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттарының шеңберінде балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мазмұнын жаңартудың әлеуметтік маңызын өзектендіру: бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық даму, сананың ашықтығы аясында; «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі индикаторлары шеңберінде білім беру мен тәрбиелеуді дамытудың әлемдік үрдістерін (жаһандану, интернационалдандыру, кіріктіру, ізгілендіру, компьютерлендіру, сандық жүйеге көшу, смарт және стем білім беру), тәрбие беру саласындағы педагогикалық ғылымның жаңашыл жетістіктерін, тәрбие берудің шетелдік және отандық қазіргі кездегі тұжырымдамаларының негізгі ережелерін, Қазақстан Республикасының орта білім берудің жаңартылған мазмұнын, тәрбиенің әділ сынамалық негіздері мен қағидаттарын, Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, алдыңғы қатарлы тәжірибесін есепке ала отырып тәрбиенің жаңартылған мазмұнының мақсаты мен міндеттерін анықтау; 1) білім беру ұйымдарында тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін тиімді енгізудің шарттарын ашып көрсету; 2) заманауи басым жалпы адамзаттық, ұлттық және этно мәдени құндылықтар негізінде тұтас тәрбие процесінде білім алушылар тұлғасының және олардың отбасыларының, мектептің, мемлекеттің, балалардың азаматтық қоғамы, қоғамдық ұйымдарының бірлескен іс-әрекеттерін қамтамасыз ету; балалармен жастарды тәрбиелеу мазмұнында заманауи идеалдармен, сондай-ақ іс қимыл компонентін, шынайы әлеуметтік маңызды нәтижелерге негізделген балалар мен жастардың әлеуметтік бастамаларын кіріктіру жүйесін күшейту. Сынып оқушыларымен тәрбие жұмысы сапасының деңгейін көтеруде сынып жетекшісінің жауапкершілігін арттыру. Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне оқушылардың ата-аналарын тарту шараларын ұйымдастыру. Оқушылардың танымдылық әрекеттерін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру. Күтілетін нәтижелер: Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері: Қазақстанда жеке тұлға іс-әрекетінің дұрыс уәждемелік-құндылықты аясын; Білім алушы жастарда қазақстандық патриотизмді, азаматтық өзіндік санасын, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті, толеранттылық және рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырудың артып отырған деңгейін; Жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар арқылы мәдениет негіздерін, ана тілімен мемлекеттік тілге және этно мәдениетке құрметі; Рухани дамыған және жоғары адамгершілікті тұлға қалыптастыруда білім беру мазмұнының тәрбиелік әлеуетін күшейтуді; Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін арттыруды, қамқоршылық кеңестерінің рөлін көтеруді; Білім беру ұйымдарында көп мәдениетті орта құру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамытуын; Тұлғаның дамыған экономикалық ойын және кәсіби қалыптасуға саналы қарым-қатынасын қалыптастыруды; Табиғатты сақтауда белсенді азаматтық ұстанымын; экологиялық сауаттылығымен мәдениетінің жоғары деңгейін; Табысты әлеуметтенуді, өздігімен білім алу мен өзін-өзі жүзеге асыруды, отбасы институтының өзін-өзі дамытуымен өзін-өзі тәрбиелеуін нығайтуға саналы түрде қатысуын қамтамасыз етуі тиіс. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінің жалпы векторы үйлесімді, жан-жақты дамыған, рухани адамгершілік қасиеттері бар, таңдау жасау жағдайында өздігімен шешім қабылдауға даяр, ынтымақтастыққа және мәдениет аралық қарым-қатынас қабілетті, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан - 2050» Стратегиясының басты мақсаты - Мәңгілік Ел болу жолындағы ұлы істерге белсенді қатысатын адам қалыптастыруға бағытталған. Іске асыру тетіктері: Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын, Тәрбиенің кешенді бағдарламасын, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, барлық үлгідегі, деңгейдегі және меншік түріндегі білім беру ұйымдарында оқу

бағдарламаларымен оқулықтарды, тәрбие бағдарламаларын әзірлеуде Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері негіз болады. Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі: «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы; Қазақстан Республикасының Конституциясы; «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі. 26 желтоқсан 2011 жыл; «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы №214-IV Заңы; «Балаларды денсаулығымен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-VI Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Білім алушыларды тәрбиелеуде құндылыққа бағытталған тәсілді жүзеге асыру бағдарламасы. Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021 жылы оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатқа байланысты тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру ерекшеліктері. «Жаңатірілік жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін жүзеге асыру, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясымен жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтар тұтас педагогикалық процестің өзегі бола отыра, тәрбие жұмысының негізгі бағыттар аясында жүзеге асырылады: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басым бағыттары:

Бірінші бағыт—Жаңа Қазақстандық патриотизммен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру.

Екінші бағыт—Рухани-танымдық тәрбие. Мақсаты: адамның рухани, моральдық-этикалық қағидаттарын, оның адамгершілік құндылықтарына және қазақстандық қоғамның әдет-ғұрыптарына сәйкес келетін рухани адамгершілік қасиеттері мен көзқарастарын жандандыру туралы «Рухани жаңғырудың» құндылық негіздерін терең түсінуді қалыптастыру.

Үшінші бағыт—Ұлттық тәрбие. Мақсаты: тұлғаны жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағыттау, туған және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, этносына және Қазақстан Республикасындағы этникалық топтарға құрмет көрсету.

Төртінші бағыт—Отбасы тәрбиесі. Мақсаты: ата-аналарды тәрбиелеу, олардың психологиялық-педагогикалық біліктілігін көтеру және балаларды тәрбиелеу бойынша жауапкершіліктерін арттыру.

Бесінші бағыт—Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие. Мақсаты: кәсіби өзін-өзі анықтауға, адамның экономикалық ой-өрісін және экологиялық мәдениетін дамытуға деген саналы қатынасты қалыптастыру.

Алтыншы бағыт - Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие. Мақсаты: жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның тәрбиеге дайындығын дамыту, меңгеру, өнердегі эстетикалық нысандардың бағасы, білім беру ұйымдарында көп мәдениетті ортаны құру.

Жетінші бағыт - Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу. Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін

мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

Сегізінші бағыт - Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты. Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарында БІ.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының көрсетілген мерейтойлық күнтізбелік бойынша аталып өтілетін мерейтойлық даталар мен мерейтойлар ескеріліп жоспарланді.

2021-2022 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өткізілетін мерейтойлық даталы күндер: А.Құнанбайұлы–175 жыл; Ә.Қастеевке–115 жыл; Қ.Аманжолов–110 жыл; Оқу жылы барысында іс-шаралар келесі әлеуметті жобалар бағытында ұйымдастырылды. «Рухани Жаңғыру бағдарламасы» жобасы, «Құқықтық мәдениет», «Өнегелі бір сағат», «Қамқорлық», Дәстүр мен ғұрып», «Оқуға құштар мектеп» жобасы, «ЭКО start», «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы, «Құқықтық мәдениет» жобасы, «Bala busnes». BOOKDATING G-кітап оқу арқылы өз болашағыңды жаса», «30 игі іс», «Адал friends», «Үнем - қоғам қуаты», «Шаңырақ», «Дәстүр мен ғұрып», «Адал ұрпақ - саналы ұрпақ», «Еңбек - елдің мұраты», жобасы аясында жұмыстар атқарылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2022-2023 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндер: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне–30 жыл; Семей ядролық полигонының жабылуына–31 жыл; Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері БІ.Алтынсариннің туғанына–181 жыл; Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлеңсөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына–176 жыл; Қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына–161жыл; Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына–156 жыл; Ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 151жыл; Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына - 91 жыл; Білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен әмбебап құзырлықтарын қалыптастыруға қолжеткізетін бағыттардың бірі–құндылыққа негізделген оқыту мен тәрбие бағдарламасы. Бағдарламаның шешуші идеясы - оқу-тәрбие процесін білім алушыларды ұлттық құндылықтар негізіндегі жалпы адамгершілік құндылықтарға баулуға бағыттау.

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда: «Рухани жаңғыру», «Құқықтық сана - пана», «Адалдық алаңы», «Адал ұрпақ - саналы ұрпақ», «Құқықтық мәдениет», «Қоғамға қызмет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы, «Оқуға құштар» жобасы, «Өнегелі бір сағат», «Отбасы – ортақ мектеп», «Менің отаным -Қазақстан», «Дәстүр мен ғұрып», «Өзін-өзі басқару күні», «Отбасы–мектеп», «Мектептегі бір күн», «Театр және балалар», «Дебат қозғалысы», «Дебат», «Қауіпсіз интернет», «Мектеп өмірінің бір күні», «Ұшқыр ой алаңы», «Салауатты өмір салты» жобасы.

Жылдық жоспарға сәйкес мерекелік, атаулы даталар жылдық жоспарда көрсетілген: Білім күні; Денсаулық күні; Тілдер мерекесі; Қарттар күні; Ұстаздар мерекесі; 25 қазан Республика күні, 1 желтоқсан Дүниежүзілік ЖҚТБ/АИТВ-ге қарсы күрес күні, 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні; 15 ақпан - Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен қайтарылған күні; 1 наурыз – Алғыс айту күні; 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні; 22 наурыз - Наурыз мерекесі; 7 сәуір - Дүниежүзілік Денсаулық күні; 7 мамыр – ҚР Қарулы күштер күні; 9 мамыр - Жеңіс күні; 1 маусым – Соңғы қоңырау салтанатты жиыны. «Жаңатірлік жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұжымы тәрбие жұмысы бойынша төмендегі мекемелерімен тығыз байланыста жұмыс атқаруда, бірлескен іс-шаралар өткізілуде: "Жастар ресурс орталығы", "Спорттық мектептер", "Кітапханалар", "СӨС

қалыптастыру орталығы"; т.б. Тәрбие жұмысының 8 тәрбие бағыты бойынша: 2021-2022, 2022-2023 ағымдағы оқу жылдары төменгі жұмыс түрлері арқылы іске асырылды: Сынып сағаттар; Кездесулер, Дөңгелек үстелдер; Акциялар; Байқаулар; Форумдар; Челленджер; Сайыстар; Эссе жазу; Әскери-патриоттық сайыстар, Дебат ойындар, Мұражайларға саяхат жасау т.б.

«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылары сыныптан тыс уақытта шығармашылық ізденістерін, өзіндік қабілеттерін және қоғамдық қарым-қатынасын қалыптастырып, өзіндік талдау, жинақтау, жұмыста шапшындық таныту, өз ойын әдеби тілмен өрнектей білуге машықтандыру мақсатында мектебімізде спорттық үйірме, ақысыз үйірмелер жұмыс жүргізеді:

2021-2022 оқу жылы

№	Мектепшілік үйірмелер атауы	Пәні	Жауаптылар
1	«Жас математик»	Математика	Кариева А
2	«Волейбол»	Дене шынықтыру	Мұсырманқұлов Қ
3	«Ёш қаламқаш»	Өзбек тілі	Нугманова Г
4	«Жас биолог»	Биология	Абдиғаппарова Ұ
5	«Жас қаламгер»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қасымбекова Н
6	«Граматей»	Орыс тілі мен әдебиеті	Қурманалиева Б
7	«Жас физик»	Физика	Жолдыбаева Ж
8	«Fantastik English »	Ағылшын тілі	Хисамиев Ш
9	«Жас тарихшы»	Тарих	Бекеев С
10	«Жас мерген»	АӘД	Абсағат Н
11	«Қалдирғоч»	Бастауыш	Исмаилов С
12	«Жас информатик»	Информатика	Айтубаева Д

2022-2023 оқу жылы

№	Мектепшілік үйірмелер атауы	Пәні	Жауаптылар
1	«Жас математик»	Математика	Кариева А
2	«Волейбол»	Дене шынықтыру	Мұсырманқұлов Қ
3	«Ёш қаламқаш»	Өзбек тілі	Нугманова Г
4	«Жас биолог»	Биология	Абдиғаппарова Ұ
5	«Жас қаламгер»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қасымбекова Н
6	«Граматей»	Орыс тілі мен әдебиеті	Қурманалиева Б
7	«Жас физик»	Физика	Сабитов Қ
8	«Fantastik English »	Ағылшын тілі	Қулахмедова Х
9	«Жас тарихшы»	Тарих	Локимова Х
10	«Жас мерген»	АӘД	Абсағат Н
11	«Қалдирғоч»	Бастауыш	Исмаилов С
12	«Жас информатик»	Информатика	Айтубаева Д

2023-2024 оқу жылы

№	Мектепшілік үйірмелер атауы	Пәні	Жауаптылар
1	«Жас математик»	Математика	Кариева А
2	«Волейбол»	Дене шынықтыру	Мұсырманқұлов Қ
3	«Ёш қаламқаш»	Өзбек тілі	Нугманова Г
4	«Жас биолог»	Биология	Абдиғаппарова Ұ
5	«Жас қаламгер»	Қазақ тілі мен әдебиеті	Қасымбекова Н
6	«Граматей»	Орыс тілі мен әдебиеті	Қурманалиева Б
7	«Жас физик»	Физика	Жолдыбаева Ж
8	«Fantastik English »	Ағылшын тілі	Қулахмедова Х
9	«Жас тарихшы»	Тарих	Бекеев С
10	«Жас мерген»	АӘД	Абсағат Н
11	«Қалдирғоч»	Бастауыш	Исмаилов С
12	«Жас информатик»	Информатика	Бакирова Ж

2021-2022, 2022-2023 және ағымдағы оқу жылдары тәрбие жұмысына байланысты педагогикалық және директор жанындағы кеңестерде төменгі мәселелер қарастырылды: ҚР«Тіл туралы» Заңының орындалуы; Мемлекеттік Рәміздерді насихаттау жұмыстарының жағдайы; құқық бұзушылықтардың алдын алу кеңесінің құрамын бекіту туралы; Жалпы құқықтық білім беру; мектеп жанындағы сауықтыру алаңының жұмысы; «Наурыз – жылбасы» мерекесін өткізу туралы; Оқушылардың сабаққа қатысу; Мектепте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-шараларының жүргізілуі; Оқу – тәрбие үрдісіндегі сынып жетекшінің міндеттері туралы; Мектеп бойынша кезекшілік ұйымдастыру туралы; «1-қыркүйек Білім күнін ұйымдастыру және өткізу туралы»; Оқу жылының аяқталуына байланысты «Соңғы қоңырау» мерекесін өткізу туралы; Мектептегі салауаттылық және дене тәрбиесі бағытының жұмыс барысы. Дене шынықтыру пәнінің берілуі. Аз қамтылған жанұядан шыққан балаларға көмек беру туралы; Тәрбие, сынып сағаттарының өтілу сапасын тексеру қорытындысы. ҚР«Бала құқығын қорғау» Заңының орындалуы; «Қиын» балалармен жұмыс; «Жасыл шырша» мерекесіне дайындық жұмыстарының жүргізілу және оқушылардың қысқы демалысына әзірлік; Мектептегі үйірме жұмысы барысы; 1.Жаңа

қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбиелеу. Мақсаты: патриот пен азаматтың Отанға ұтымды және эмоционалды қатынасы, мемлекеттің және қоғамның заңдарын ұғыну мен сақтау, саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңсыздыққа қарсы тұру, баланың және жасөспірім ортасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын ұлтжанды азамат қалыптастыру. Патриоттық тәрбие бойынша дәстүрлі іс-шаралар жыл сайын өткізіледі: Білім күніне орай Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік нұсқаулық және Білім және ғылым министрлігінің арнайы хатының негізінде патриоттық тақырыпта жыл сайын салтанатты жиын және тәрбие сағаттар өткізіледі; 2022-2023 оқу жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының 26 жылдығы, Әбу Насыр әл Фарабидың 154 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы мерекелік даталары тақырыптарымен алғашқы қоңырау өткізілді. 2022-2023 оқу жылына «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылып және «Әліппе» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етілді. 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып сағаты, ашық сабақтар өткізілді. 2022-2023 оқу жылында «Терең білім, еңбекқорлық және отаншылдық қасиет» тақырыбында салтанатты жиын ұйымдастырылып, тәрбие сағаттары өткізілді. Мектебімізде «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы құрылған "Адал Ұрпақ" ерікті мектеп клубы құрылды, мектепшілік ережесі бекітілді мектепшілік жоспар жасалынды. Мақсаты: Рухани адамгершілік және азаматтық патриоттыққа тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту. Оқушылардың заң талаптарын сақтауға ынтықталу қалыптастыру. 2021-2022, 2022-2023, оқу жылдарында "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубы төмендегі бағытта секциялар арқылы жұмыс жүргізілуі қамтамасыз етіледі: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім; Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ақпарат және шығармашылық; Мәдени-бұқаралық, көпшілік іс-шаралар Патриоттық тәрбие бойынша атқарылған іс-шаралар: “Мемлекеттік рәміздер-еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігін паш ететін нышандар” тәрбие сағаттары 9-10 сынып оқушылары арасында (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) мектепшілік пікірсайыстар ұйымдастырылды. «Тәуелсіз Қазақстан» тәуелсіздік күніне орай апталық іс-шаралар «Мәңгілік ел» тақырыбында Суреттер байқауы; 1-4 сынып Қабырға газеттері байқауы; 5-8 сынып Эссе жазу; 9-11 сынып «Елімнің ертеңі болар ұлдар» атты пікір талас; 7-8 сыныптар ұлдары «Бір ел, бір тағдыр, бір халық» халықтар достығы күніне орай іс-шара. «Ерлік жыры – елдіктің ескерткіші» салтанатты жиын өткізілді. «Тәуелсіздік қорғаны – Конституция» Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Тәуелсіздік тірегім, Қазақстан - жүрегім!» тақырыбында салтанатты жиын.

5 қыркүйек - ҚР халықтарының Тілдері күні мерекесіне орай «Тәуелсіздік – мемлекеттік тіл тірегі» атты іс-шара ұйымдастырылды. «Салауатты өмір салтын сақтау» жобасы аясында дүниежүзілік «Денсаулық күнін» өткізу іс-шарасы ұйымдастырылды. 5 қыркүйек қазақ әліпбиінің негізін салған ғалым Ахмет Байтұрсынұлының 150 жыл толған мерейтойына орай мектептің белсенді оқушылары «Жаңатірілік» атындағы жалпы білім беретін мектебі челлендж жолданды.

«Жаңатірілік» жалпы білім беретін мектебінде 2022-2023 оқу жылының бірінші кезектегі ата-аналар жиналысы өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2021-2022 оқу жылының қорытындысы. (Баяндамашы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Н. Сманов)

2. Мектеп формасы (Баяндамашы мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Асанов С).

3. Жалпыға міндетті білім жайлы. Оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы (Баяндамашы Х. Сайтқұлов)

4. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және жол қозғалысы ережесі туралы (Баяндамашы ДТЖО С. Асанов)

5. Оқушылардың оқулықпен қамтылуы (Баяндамашы кітапханашы Н. Абенова)

6. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау.

6. Әртүрлі мәселелер қаралды.

«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз балалар!» акциясының іс-жоспарына сәйкес Жол ережесі бойынша «Назар аударыңыз, бағдаршам!» атты тәрбие сағаты өтілді. Құқықтық сана қауымға пана» жоба аясында

«Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Оқушылардың құқықтық сауаттылық деңгейін анықтау» мақсатында сауалнама алынды. «Қызғалдақ» ұйымының жоспарына сәйкес 8-11 сыныптың қыздарымен жиналыс өткізілді. Күн тәртібінде бірінші кезекте мектептің ішкі тәртіп ережесімен оқушы қыздарды таныстыру. Екінші мәселе бойынша «Тазалық тәртіп» басты талап». Үшінші мәселе Психологиялық кеңестер.

«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Құқықтық мәдениет және жастар» тақырыбы бойынша 10-11 сынып оқушылары арасында пікірсайыс өтілді. «Сұңқар» ер балалар ұйымының жоспарына сәйкес жиналыс өткізілді. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Оқымысты оқырман» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз, балалар!» акциясының іс жоспарына сәйкес жол ережесі бойынша «Көшеде жүру ережесін білесің бе?» тақырыбында 5 А сыныбында пікірталас өтілді. Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Қазақстан болашағы - қазақ тілінде» тақырыбында 9-10 сыныптар арасында ой өрісті дамытуға, жан-жақты болуға, тіл ұшқырлығын жаттықтыруға бағыттайтын пікірсайыс дебат ойындары ұйымдастырылды. Айтулы іс-шарада жастар екі фракция болып бөлініп, жан-жақты пікір алмасып, ойларын анық жеткізе алды. Белсенділік танытып, жоғары деңгейде өнер көрсеткен жастарға мектеп әкімшілігі атынан арнайы мадақтамалар табысталды. «Ақылды волонтерлік» жүйесі негізінде оқушыларды «Қоғамға қызмет» әлеуметтік еріктілер жобасы аясында «Адамдарға қуаныш сыйла!» қайырымдылық акциясы өтілді. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Абайлаңыз, балалар!» акциясының жоспарына сәйкес Жол ережесі бойынша «В гостях у светофора» тақырыбында 5 «А» сыныбында тәрбие сағаты өтілді.

«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектебінде Өзін өзі басқару ұйымының ПРЕЗИДЕНТІНЕ үміткерлер тағайындалды.

«Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ міндет» тақырыбында дөңгелек үстел өтілді. Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Тәрбие тәртіптен басталады» тақырыбында 9 «Ә» сыныбында тәрбие сағаты өтілді. «Өмірдің күзі жылы болсын» 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған «Спорт жасқа қарамайды» тақырыбында дойбы, шахмат, волейбол спорттық ойындар ойнатылды. «Ұстаз - ұлы тұлға» атты ұстаздар мерекесіне арналған іс-шара жоспарына сәйкес 11 «а» сынып оқушылары ардагер ұстаздарды мерекемен құттықтады. «Өмірдің күзі жылы болсын» атты 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған іс шара жоспарына сәйкес «Ата – әулеттің тірегі, әде ұрпақтың жүрегі» атты мерекелік іс-шара өтілді. «Өмірдің күзі жылы болсын» атты 1 қазан Халықаралық Қарттар күніне арналған іс шара жоспарына сәйкес «Қарттарым – асыл қазынам» 2 «Б» сыныбында бейне сабақ өтілді. «Құқықтық сана қауымға пана» жобасы аясында «Құқықтық сауаттылық» декадасының жоспарына сәйкес «Адам құқығы мен бостандығын қорғау» тақырыпта 6 «А» сыныбында тәрбие сағаты өтілді. Өзін-өзі басқару ұйымының белсенді оқушылары Қазығұрт ауданының тұрғындарына «Жер салығы» мен «Мүлік салығын» төлеу бойынша челлендж жолданды. «Ұстаз-ұлы тұлға» атты ұстаздар күніне орай өзін-өзі басқару ұйымы ұстаздарды құттықтап, өздерінің гүл шоқтары мен тәттілерін беріп, ұстаздарды мерекемен қуантты. «Мектеп парламент» білім алушылардың өзін-өзі басқару ұйымдарын дамыту тұжырымдамасы негізінде жоғары сынып оқушылар арасында «Мектеп парламентін» сайлау өткізілді. «Ұстаз -ұлы тұлға» атты ұстаздар күніне арналған іс-шара өтілді. «Ұстаздар күні» мерекесіне орай 2022 жылдың 05 қазан күні «Дублёр күні» өтті. Жоғары сынып оқушылары бір күн мектеп мұғалімдерінің жұмысын атқарды. Мектеп кітапханасында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Ұлт ұстазы –А.Байтұрсынұлының 150 жасқа толуына орай әдеби кеш өтілді.

«25 қазан Республика күні» мерекесіне арналған оқушылар арасында спорттық іс-шаралар өткізілді. «Жаңатірлік» жалпы білім жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында 25 қазан Республика күніне арналған челлендж ұйымдастырылды. Республика күні «Мектеп оқушылары диктант жазды. «Білім ордамыздың шәкірттері 25 қазан Республика күні мерекесіне арналған «Атамекен» тақырыбында патриоттық

диктант жазды. 9-10 сынып оқушылары жазу дағдыларын жетілдіріп, Отансүйгіштік тақырыбында ой қозғады. 25 қазан Республика күні мерекесіне орай «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазу конкурсы ұйымдастырылды. Мектеп кітапханасында «Менің Отаным –Қазақстан» тақырыбында көрме ұйымдастырылды. Мектеп оқушылары танымдық экскурсия жасады.

10 «А» сынып оқушылары Қазығұрт ауданы Қазығұрт ауылында орналасқан саябаққа танымдық экскурсия жасады. Жас шәкірттер табиғатты аялайық жобасын қолға алды. Оқушылар саябақты қоқыстан тазалауға өз үлестерін қосты. Алтын күз аясында естелікке суретке түсті. Еліміздің әрбір азаматы табиғатымызды, қоршаған ортаны қорғауы керек. Мектеп оқушылары экологиялық мәселелерге назар аударды. «Жаңатірлік» жалпы білім мектептің өзін-өзі басқару мүшелері қатысуымен «Жаңа Қазақстан-Таза табиғат» атты экологиялық науқан өткізілді. Мектеп ұжымы науқанға белсенді қатысты.

Жастар ауыл тұрғындарын себепсіз қоқыс тастаудан аулақ болуға түрлі химиялық жанғыш заттарды жағуға және ауа қабатына зиян келтіретін заттарды тұтынбауға шақырды.

Мұндай акцияларды қоғам үшін маңызы зор. Сондықтан мектеп әкімшілігі аталған іс-шараны жыл сайын ұйымдастыруды жоспарлап отыр.

25 қазан –РЕСПУБЛИКА КҮНІ мерекесіне орай мектебімізде «Патриотизм дауысы» аясында мемлекеттік әнұран орындалды.

Мектебімізде саябақтарға, табиғат қорғау аймақтарына танымдық экскурсиялар, қоршаған ортаны қорғау, табиғатқа және оның тұрғындарына ұқыпты қарау мәселелері бойынша дәрістер, сынып сағаттары өткізілді.

Мектеп психологиялық қызметі бойынша «Мектеп жүрегі –ұстаз» атты педагог-психологтарымыз тренинг өткізді. Мектепте жол қауіпсіздігін және өмір қауіпсіздігін сақтау мақсатында «Абайлаңыз, балақай!» акциясы ұйымдастырылды. Акцияның басты мақсаты –жол –көлік жарақаттануының алдын алу және жол –көлік оқиғаларын балалардың қатысуымен болдырмау. Акцияны өткізу барысында балалардың жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мектеп аумағынан өтетін «Тұрбат-Таң» тас жолына мектеп мұғалімдерінің кезекшілігі ұйымдастырылды. «Қылмыссыз балалық жақ» айлығының іс-шара жоспарына сәйкес мектепте «Ардагерлер кеңесі», «Ата мектебі» «Әже мектебі», «Әке мектебі» мүшелерін тарта отырып оқушылармен кездесу өткізілді. Айына 1 рет жасөспірімдер инспекторымен кездесулер ұйымдастырылады. Аптасыны 1 рет мектепке қарасты мөлтек аудандарда «Түнгі рейдтер» ұйымдастырылады. Сонымен бірге балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай ақ көмелетке толмағандардың арасындағы құқықбұзушылықтардың профилактикасын алдан алуға арналған іс-шаралар өткізілді. Балалардың құқықтары мен заңды мүддесін қорғау, қоғам мен мемлекеті өміріне қатысуының өзекті проблемаларын шешуге қол ұшын созу, қоғамның және мемлекеттің игілігі үшін балалардың әлеуметтік бастамаларын және балалардың қоғамдық бірлестіктерін қолдау мақсатында Балалар өкілдігі сайланды. Айта кету керек, еліміздегі мектептердің әрбірінде енді балалар өкілі болады. Мектеп оқушылары арасынан сайланатын балалар өкілі әр оқу ошағындағы балалардың құқықтарын қорғау мәселелерімен айналысады.

2022 жылдың 11 қараша күні Қазығұрт ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің Көмелетке толмағандар арасындағы және көмелетке толмағандарға қарсы жасалатын құқық бұзушылықтың, оның ішінде зорлау сипатындағы қылмыстардың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында жарияланған «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбындағы айлық іс-шарасының жоспарына сәйкес мектепте «Бала қауіпсіздігі – басты назарда» тақырыбындағы іс-шаралар өткізілді **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектебінің кітапханасында сыныптар бойынша «Кітапханадағы бір күнім» атты іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның мақсаты оқушылар мен ұстаздарымыздың кітап оқуға деген құлшынысын арттыру, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру болып табылады. «Қылмыссыз балалық шақ» айлық жоспарына сәйкес «Аутодеструктивті мінез құқықтың алдын алу», жасөспірімдердің ерекше жағдайын анықтау мақсатында 8-11 сынып оқушылары арасында психологиялық сауалнамалар алынды. Сауалнама

нәтижесі бойынша арнайы сараптама жасалып, ата –аналарға ұсыныстар берілді. Мұндай үйлесімді жұмыстың негізгі міндеті –балаға қатысты толеранттылықты қалыптастыру, балалармен және ата –аналармен өзара қарым-қатынаста психологиялық күзіреттілігін көтеру болып табылады. **«Заң-Оқушы-Заман»** тақырыбында тәрбие сағаттар, пікірталастар өтті. Сонымен қатар мектеп инспекторымен бірге 5-11 сынып оқушылары арнайы кездесті. Кездесу барысында қоғам өміріндегі өзнекті әселелер талқыланды. Айта кету керек аталған іс-шара адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық жоспарына сәйкес ұйымдастырылды. 8-11 сыныптар арасында «Респродуктивті денсаулық нашақорлықтың, маскүнемдік пен темекі тартудың, АҚТҚ алдын алу және салауатты өмір салтын тақырыбында тарбие сағаттары ұйымдастырылды. «Тарих тағылымы» жобасы аясында ҚР рәміздеріне 30 жыл толуына орай «Қазақстан рәміздері –елдігімнің белгісі» тақырыпта 5-10 сыныптар арасында тәрбие сағаттары өткізілді. Тәрбие сағаты барысында мемлекеттік рәміздер кез келген мемлекеттің егемендігі мен біртұтастығын бейнелейтін, оның ажырамас нышандары, ұлттық мақтанышы екені жайлы сөз қозғалды.

«Жанатірлік» жалпы білім беретін мектебінде отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсінбеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету мақсатында «Ата –аналарға хат жазу» іс –шарасы ұйымдастырылды. Іс-шара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің айлық іс-шара жоспарына сәйкес өтті. Ата –аналармен байланыс нығая түспек. Олардың бала болашағына деген ықпалын арттыу қашан да маңызды.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты 1 айлық іс-шара кезінде «Девиантты мінез –құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар арасында 2-4 сыныптар арасында «1001 мақал» сайысы ұйымдастырылды. Сайыс барысында танымдық процестерін дамытуға арналған жаттығулар, ойындар жүргізіліп, ерекше фарматта өткізілді. Жұлделі орын алған оқушылар марапатталып, қатысқан оқушылардың барлығына сыйлықтар табысталды. Мақсаты: оқушыларды әлеуметтік қолдау және психологиялық ахуалдарын жақсарту, танымдық әрекеттерін жақсарту.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесіне орай 8-10 сынып оқушылары арасында «Тәуелсіздік биік болсын тұғырың» атты мектепшілік пікірсайыс өтті. Мақсаты: Өскелең ұрпақтың қазақстандық патриотизмі мен азаматтылығын қалыптастыру. Оқушылардың бойында жауапкершілік, туған өлке мен елдің мәселелерін талқылауға және шешуге қатыстылық сезімін тәрбиелеу.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық жоспарына сәйкес «девиантты мінез-құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар 7 сыныптар арасында «Рухани бай елдің ұрпағымын» тақырыбында авторлық шығармалар сайысы өтілді.

«Девиантты мінез –құлықты, әлеуметтік аз қамтылған отбасыдан шыққан балалар арасында 8-9 сыныптар арасында «Қылмыссыз жарқын болашақ» тақырыбында 3 минуттық сахналық көрініс сайыстары ұйымдастырылып өтілді.

«Жас Қыран» кемел келешек кепілі. Мектептің 2 сынып оқушыларын Республикалық бірінғай «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына оқушыларды қабылдау салтанатты жиын өтті. Жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін өзі жетілдіруге үнемі ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық қоғамдық бірлестігінің қатарына мектеп оқушыларын қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түзету-дамыту, психологиялық ағарту, Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ, Жеке және топтық психологиялық кеңестер мектеп психологтары ұйымдастырды. **«Қызғалдақ»** қыздар клубымен бірлескен «Әдеп пен ар-ұят-қыздың көркі» тақырыбында 7-10 сыныптар арасында қыздар жиналысы болып өтті. Мақсаты: Қыз балаларды ұлттық тұрғыда халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қадірлеу, ұлтжанды, отансүйгіштік сезімдерге баулу, тәрбиелеу. **«Кибербуллнг»** Интернет желісін тиімді пайдалану мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстары жүргізілді. **«Қылмыссыз балалық шақ»** тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес **«Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты**

бағыты бойынша «Ұлттық ойын –ұлт қазынасы» ой дамыту ойындары, спорттық жарыстар ұйымдастырылды. «Қылмыссыз балалық шақ» тақырыбының айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Балалар қуанышы ел қуанышы» «Тәуелсіз елдің бақытты отбасы» тақырыбында жайсыз отбасыдан шыққан, балалардың ата –анасымен әлеуметтік – психологиялық тренинг өткізілді. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымдары мүшелерінің ұйымдастыруымен «Болашағың өз қолыңда!» тақырыбында слайдтар, бейнероликтер сайысы ұйымдастырылды. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Адал Ұрпақ» клубы мүшелерінің ұйымдастыруымен «Ата –анаға және ұстазға құрмет» тақырыбында пікірталас өткізілді. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында «Ақиқат», «Дебат қозғалысы» фракцияларының ұйымдастыруымен «Жасөспірімдердің интернеттегі мінез құлқы және қарым-қатынасы» тақырыбында дебат жобасы өткізілді.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні қарсаңында «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектептегі оқушылардың Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы қатарына қабылдау рәсіміне арналған салтанатты жиын өтті. 5 сынып оқушылары «Жас Ұлан» қатарына қабылданды. Мектеп әкімшілігі оқушылардың «Жас Ұлан» ұйымына қабылдануларымен құттықтап, егеменді елемездің еңселі азаматтары болуларына тілек білдірді. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданған оқушыларға галстук тағу рәсіміне мектеп мұғалімдерімен қатар өзін-өзі басқару ұйымы мектеп парламентінің президенті Н. Турдибаев мен парламент мүшелері де қатысты. «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушылар алдағы уақытта қоғамдық, танымдық, шығармашылық қабілеттерімен мектеп жүйесіндегі тәрбиелік тәжірибені дамытуға, атсалысу міндеттелді. Оқушылар Қазақстан Республикасының патриоты болуға, ата-ананы қадірлеуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, табиғатты аялауға, салауатты өмір салтын сақтауға, оқуда озат болуға ант қабылдады.

«Құқық бұзушылықтың алдын-алу және болдырмау» атты рейдтік іс-шара онда балалар құқықтарын бұзу фактілерін анықтау, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, балалар еңбегін пайдалану, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасын алдын алу мақсатында мектептің мобильдік топ мүшелері түнгі рейдке шықты. Рейд барысында ешқандай құқық бұзушылықтар орын алған жоқ. «Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында «Мектеп патрулі» жас инспекторларының ұйымдастыруымен әлімжеттіліктің, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ТЕХ жобасы негізінде **«Өзіңнен баста!»** ашық микрофон пікір алмасу өткізілді. «Адал Ұрпақ» ерікті мектеп клубының ұйымдастыруымен **«Сыбайлас –жемқорлықсыз болашақ»** тақырыбында мектеп оқушылары қатысуымен іс-шаралар ұйымдастырылды. 16 желтоқсан –Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне арналған мерекелік атмосфера қалыптастырылды. Мектеп фойесі, дәліздер, сыныптар оқушылардың өз еңбегімен, қаржылық шығындарсыз мерекелік тақырыпқа сай безендіріліп, мерекенің ашылу салтанаты ұйымдастырылды. Мақсаты: **Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 31 жылдығын атап өту.** Оқушыларға Тәуелсіз Қазақстан Республикасының өткені мен болашағы, даму тарихы туралы мағлұматтар бере отырып, келешекке сеніммен қарауға, ұлтын сүйуге, қастерлеуге үйрету. Өз Отанына, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **«Тәуелсіздік –тірегім»** тақырыбында оқушылар мен мұғалімдердің қатысуымен челлендж ұйымдастырылды. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат»

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай оқушылардың қатысуымен арнайы флешмоб ұйымдастырылды.

Азаттығымыздың айшықты белесіне шыққан әрбір саналы азаматты «Отыз бір жылда біз қандай жетістіктерге жеттік?», «Келер ұрпаққа қандай елді аманаттаймыз?», «Мемлекетіміздің нығайта түсу үшін тағы не істейміз?» деген сауалдар толғандырады анық. Осы тұрғыда алғанда, бұл – арман-мақсаттарымызды тоғыстырып, болашаққа тың серпінмен қадам басу үшін өткенге тағы бір мәрте оралатын, жетістіктеріміз бен кемшіліктерімізді ой елегінен өткізетін маңызды мезет. **«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні»** мерекесіне орай мектеп кітапханасында көрмелер, тарихи сағат, танымдық кеш ұйымдастырылды.

Мақсаты: Еліміздің тәуелсіздік алу жолындағы ата-бабаларымыздың ерлігін паш ету, оқушыларға желтоқсан құрбандарымен, желтоқсан оқиғасына қатысқан аға-апалардың ерлігін үлгі етіп көрсету. Оқушылардың туған өлкемізге деген сүйіспеншілігін, сезімдерін ояту. Елін, жерін сүйуге. Отанын қастарлеуге, шыншылдыққа тәрбиелеу.

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мектепте үздік оқушылардың жетістіктерін насихаттап, марапаттады.

беретін мектебінде **Желтоқсан оқиғасына куәгер болған ұлағатты ұстазымыз Абдіғаппарова Ұлдықыз апаймен кездесу** өтті.

Ел егемендігінің 31 жылдығына орай өткен іс-шара ерекше форматта өтті. Жиынға кеңестік империяның іргесін шайқалтқан қазақ жастарының толқуына қатысушылар қатысып, оқушыларға естеліктерімен бөлісті.

Тағылымды іс-шараға мектеп директоры м.у.а Маржан Баимбетова да қатысып кездесудің маңыздылығын атап өтті.

Халқымыздың ғасырлар бойы аңсаған Тәуелсіздігіне ие болғанымызға биыл 31 жыл толып отыр. Осындай Мерейлі шақта еліміздің гүлденіп, көркеюі жолында аянбай еңбек етіп жүрген отандастарымызды ортақ мерекемізбен құттықтаймын! Ұрпақтарымыздың ырысы ортаймасын, намысы тапталмасын деп көксеген ата-бабаларымыздың арманы орындалған осы шақта баршаңызға бақыт, байлық, береке тілеймін. Еліміздің ертеңі жолындағы еңбегіміз жана берсін!

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мектеп ауласында еңбек ардагерлерінің, ата-аналардың және оқушылардың қатысуымен ағаш көшеттерін отырғызу, қоршаған ортаны тазарту жұмыстары ерікті түрде ұйымдастырылды.

Мақсаты: көшет егу жұмыстары арқылы балалардың табиғат-анаға, күллі жаратылысқа деген ықыласын оятып, адам баласының табиғатпен үйлесімді түрде дамидынын ұғындыру.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Рухани танымды тәрбие күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін бос уақытын тиімді пайдаланып шахмат ойындары өткізілді.

«Қылымыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспары бойынша **«Рухани танымдық тәрбие»** күні құқық бұзушылықтың, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында оқушыларға бейнелеу өнерінің қыр-сырын жан-жақты үйрету. Олардың дүниетанымын, эстетикалық талғамын кеңейту. Сурет салу дағдысын, логикалық ойлау, еске түсіру, елестету қабілеттерін және шығармашылығын арттыру. Өнерді құрмет тұту, оған сүйіспеншілігін арттыру. Өнерге баулу, шығармашылыққа тәрбиелеу. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларды әлеуметтік қолдауға бағытталған қайырымдылық іс-шаралар** іске асырылды. Мектебіміздің қамқоршылық кеңесі мен өзін-өзі басқару ұйымы қайырымдылық істерде қашан да белсенділік танытады.

«16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай мерекелік концерт ұйымдастырылды. Егемен еліміз 16 желтоқсанда салтанатты жағдайда Ұлттық мереке –Тәуелсіздік күнін атап өтілді. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай 8 сынып оқушылары арасында **«Мен өз елімді мақтан тұтамын!»** және **«МЕНІҢ ОТАНЫМ –МЕНІҢ ОТБАСЫМ»** тақырыбында шығармалар жазылды. «16 желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні» мерекесіне орай **«Тәуелсіздік - биік болсын тұғырың»** тақырыбында

2-4 сыныптар арасында әндер байқауы ұйымдастырылды. «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектебінде Қазығұрт аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысының тапсырмасына сәйкес **«Зорлық-зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы** бойынша іс-шараның ашылуы өткізілді. Мектеп әкімшілігі тарапынан ұйымдастырылған іс-шараға мектептің ұстаздары мен оқушылары толықтай тартылды.

Науқанның негізгі мақсаты: қоғамның кез келген жағдайы мен орнындағы түрлі зорлық-зомбылықтың алдын алу. Зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимылдар мен іс-шараларды таныстыру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

«Зорлық –зомбылықсыз 16 күн» халықаралық акциясы біздік мектепте белгіленген жоспарға сәйкес әлі де жалғасады. Онда ұстаздарға, ата –аналарға, оқушыларға арналған тренинг, дөңгелек үстел, семинар т.б шаралар қамтылған. Іс-шаралардан күтілетін нәтиже: жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, отбасылық мораль мен гуманистік көзқарас қалыптастыру.

«Қылмыссыз балалық шақ» атты айлық іс-шара жоспарына сәйкес «Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі» бағыты бойынша оқушылар арасында құқықбұзушылықтың, ерте жүктіліктің, аутодеструктивті мінез-құқықтың алдын алу мақсатында **«Өнерлі жас»** тақырыбы бойынша оқушылар арасында қолөнер сайысы өткізілді.

Жаңа жылдық ертеңгілік. Жаңа жылдық ертеңгіліктер 1-4, 5-11 сыныптарға жаппай 26-27-28-29 желтоқсан күні сабақтан тыс уақытта бекітілген кестеге сәйкес өткізілді.

«Қыздарға әсемдік жарасады» атты қыздар жиналысы өтілді. **«Ержігіттің бойындағы қасиет»** тақырыбында мектептің 8-11 сынып ұлдарының қатысуымен ұлдар кеңесінің кезекті жиналысы өтті **«ДЕБАТ» Жобасы аясында** Ұлы тұлға Әлихан Бөкейханның туғанына 156 жыл толуына орай 9-10 сыныптар арасында пікірталас ұйымдастырылды.

Ауған соғысы ардагерлерінің ерлігін дәріптеу мақсатында **“Ауған ақиқаты”** тақырыбында тәрбие сағаты өтілді. **“Үнем - қоғам қуаты” жобасы аясында “Жарнама жасау өнері” байқауы** өтті. Байқауды өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері ұйымдастырды. Оқушылар арасында жарнамалау өнері жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді, байқау басқа сыныптар арасында жалғасын тапты. Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылған **Республикалық “Алтын жүрек” членджі ұйымдастырылды.** “Дала данышпандары” Төле бидің 360 жылдығы, Қаз дауысты Қазыбек бидің 355 жылдығы және Әйтеке бидің 340 жылдығына орай **«Жаңатірлік»** жалпы білім беретін мектебінде **7-сыныптар арасында “Жігіт сұлтаны-2023 “ байқауы** болып өтті. Байқауда білімді, өнерлі, тапқыр жігіттеріміз бақ сынады. **“Дәстүр мен ғұрып” жобасы аясында “Ұмыт бола бастаған ұлттық тағамдар” тақырыбындағы члендж** ұйымдастырылды.

Мектеп әкімшілігі қолдауымен психологиялық сүйемелдеу қызметі тарапынан аутодеструктивті мінез- құлықтың алдын алу, зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында **"Жылу life" іс-шарасы** өтілді.

Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, есірткі мен нашақорлықтың аутодеструктивті мінез құлықтың алдын алу, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында "БІЗ ҚЫЛМЫСҚА ҚАРСЫМЫЗ" айлық акциясының ашылуына және іс-шараларына сәйкес "АБАЙЛАҢЫЗ, БАЛАЛАР", " НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, БАЛАЛАР " тақырыптарында түсіндірме жұмыстары ұйымдастырылды.

"Азаматтық қорғаныс күніне" ДАБЫЛ сигналы шалынып эвакуациялық жаттығуы жасалынды.

1 наурыз -Алғыс айту күніне орай **“Алғысым шексіз”** атты іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шараға мектептің өзін-өзі басқару ұйымы, оқушылар белсене қатысты.

8-наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай 2023 жылдың 03 наурыз күні 9-10 сыныптар арасында **«Көктем Аруы - 2023» байқауы** өткізілді. **8 Наурыз халықаралық әйелдер мерекесіне** орай ұстаздар арасында **«Ал, қанекей, апайлар»** сайысы ұйымдастырылды. Іс-шараны мектептің ер мұғалімдері ұйымдастырды.

Ұлыстың Ұлы күні - Наурыз мерекесіне арналған **“Қош келдің, әз Наурыз”** мерекелік онкүндік іс-шара жоспарына сәйкес **«Жаңатірілік»** жалпы білім беретін мектебінде **“Таза табиғат”** акциясы ұйымдастырылды.

“Қош келдің, әз Наурыз” мерекелік іс-шара жоспарына сәйкес Ш.Қалдаяқов атындағы жалпы білім беретін мектебінің дене шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен **“Ұлы дала ойындары”** тақырыбында іс-шара өтті. Іс-шараның мақсаты: ұлттық спорт түрлерін насихаттау, қазақ спорт өнерін дамыту.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша 7 сәуір –Дүниежүзілік денсаулық күніне орай **«дені сау ұрпақ –ел болашағы»** атты іс-шара өтілді.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша Шахмат ойнау челлендж ұйымдастырылды.

Көп мәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша **«Сырласайық, сырғалым»** 8 сыныптар арасында қайынсіңілі мен жеңгесі арасында сайыс ұйымдастырылды.

Рухани танымдық тәрбие бағыты бойынша **«Өзін-өзі басқару»** жобасы аясында 23 сәуір –дүниежүзілік кітаптар күні **«Қазақ тіліндегі 100 жаңа кітап»** тақырыбында дөңгелек үстел, Ұлттық тәрбие бағыты бойынша **«Менің әкем жақсы адам»** тақырыбында 7 сыныптар арасында эссе жазу бойынша байқау, Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 78 жылдығы **«Ұлы Жеңіске мәңгілік тағзым!»** тақырыбында іс-шаралар өтілді.

«Өнегелі бір сағат» жобасы аясында **«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді!»** акция, Отбасылық тәрбие бағыты, **«Отбасы-мектеп»** жобасы аясында 15 мамыр - халықаралық отбасы күніне орай **«Отбасымен өткізген қуанышты сәттер»** тақырыбында бейнетүсірілімдер байқауы өтілді. **«Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие»** бағыты бойынша **«Халықтар достығы – бейбітшілік жаршысы»** концерттік бағдарлама өтілді. **«Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу»** бағыты **«Ұшқыр ой алаңы»** жобасы аясында **«Үш тілілік –заман талабы»** тақырыбында пікірталастар өтілді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша Ұлттық құндылықтар: *ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.* 2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында балалардың қатысуымен мәдени – бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шаралар ұйымдастырылды. Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шаралар жоспарлау мен ұйымдастыру кезінде 2023-2024оқу жылында аталып өткізілетін мерей тойлық даталы күндер: 1 қыркүйек - Білім күні, сынып сағаттары, 5 қыркүйек - А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған **«Тіл тазалығы»** тақырыбындағы шаралар, Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл, Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл, 1 қазан - Қарттар күні, 5 қазан – Мұғалімдер күні, 25 қазан – Республика күні, қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл, Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл, Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл, Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл, 5 қараша - Ұлттық валюта күні, Күзгі демалыс, 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы, Қысқы демалыс, 1 наурыз – Алғыс айту күні, 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні,

2022-2023 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар бойынша жұмыстар атқаруда «Еңбегі адал жас өрен», «9 айға 9 іс-шара», «Балалар кітапханасы» жобасы, «Жеткіншектің Жеті жарғысы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Ата-аналар мектебі» жобасы, «Қызықты үзіліс» жобасы,

2023-2024 оқу жылында «Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектебінде «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша атқарылған іс-шаралар 1 қыркүйек - Білім күніне арналған “Мектебім - мейірім мекені” атты іс-шара өтілді.

Шуақты қыркүйек айының бірінші күні барша оқушы қауым алтын ұя мектебіне қайта оралып, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндермен бірге сыңғырлаған қоңырау үнімен табысты. Аудан әкімі Исмайлов Әзімхан Азизханұлы оқушыларды, мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерді бүгінгі “Білім күнімен” құттықтап, жаңа оқу жылына сәттілік тіледі.

«Жаңатірлік» жалпы білім беретін мектебінде д.м.у.а. Баимбетова Маржан Маратқызы оқушыларға ақ тілегін жолдап, мектеп жаңа оқу жылына жан-жақты дайын екендігін айтып өтті. Биыл 67 оқушы алғашқы рет мектеп табалдырығын аттады. 1 қазақ сынып 2 өзбек сынып ашылды.

Іс-шара мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндердің өлең-шумақтарымен, оқушылардың ән-жырына ұласты.

<https://www.facebook.com/share/p/12CnwCBgYeb/>

5 қыркүйек - Тілдер мерекесінің салтанатты ашылу рәсімі болды. Мектеп ұстаздары Тілдер мерекесімен барша егемен халқымызды құттықтады. Оқушылар өз құттықтауларын үш тілдегі өлең шумақтарымен жеткізді. Салтанатты ашылу ән-жырға ұласты.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының кешенді жоспарына сәйкес, 5"А" сынып жетекшісі: Айтубаева Дариха "Парасаттылық пен адалдық- табысты өмірдің кепілі" тақырыбында тәрбие сағаты өткізді.

Мақсаты: Оқушыларды адалдыққа, адамгершілікке, шыншылдыққа, мейірбан, ақылды, қайырымды, болуға, бірін - бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

